

**Ақмола облысы әкімдігінің 2009 жылғы 26 наурыздағы № А-4/129 "Ақмола облысы Бурабай ауданында казино мен ойын автоматтарының залдарын орналастыруға арналған аумақты анықтау туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Ақмола облысы әкімдігінің 2012 жылғы 26 қарашадағы № А-12/560 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 5 желтоқсанда № 3510 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 2021 жылғы 21 шілдедегі № А-7/356 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 21.07.2021 № А-7/356 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына , "Ойын бизнесі туралы" Қазақстан Республикасы 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңының 11-бабындағы 1-тармағына сәйкес облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Ақмола облысы Бурабай ауданында казино мен ойын автоматтарының залдарын орналастыруға арналған аумақты анықтау туралы" Ақмола облысы әкімдігінің 2009 жылғы 26 наурыздағы № А-4/129 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3318 болып тіркелген, " Арқа Ажары" және "Акмолинская правда" газеттерінде 2009 жылдың 11 сәуірінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

1-тармақ келесі редакцияда баяндалсын:

"1. Қоса берілген сызбаға сәйкес, казино мен ойын автоматтарының залдарын орналастыру үшін Бурабай ауданының Щучье көлі жағалауының оңтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан аумақ белгіленсін."

2. Облыс әкімдігінің осы қаулысы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*Қ.Қожамжаров*

**Бурабай ауданында казино мен ойын автоматтарының залдарын орналастыруға арналған аумақтың сызбасы**

